

Бақителен М.А.
 Әзіреті, Мәкеші Ш.С.
 09.2023ж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Жоспардың құрылу кезеңі: 18-22.09.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналарға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О «Тәрелкесіне қарай кесесін таңда» Шарты: берілген ыдыстарды көлеміне және түсіне сай сәйкестендіру (сөйлеуді дамыту)	Д/О «Таны да ата» Шарты: суреттегі отбасы мүшелерін атап атап, соған сай киімдерді таңдау (қоршаған ортамен таныстыру)	«Бөлме гүлдері» тақырыбына әңгімелесу (сөйлеуді дамыту) Бөлме гүлдерін күтіп , баптау (қоршаған ортамен таныстыру)	Д/О «Не артық?» Шарты: берілген суреттерден артық затты табу, себебін түсіндіру, жалпы атауын атау (сөйлеуді дамыту)	Д/О «Үй жануарлары» Шарты: Балалар үй жануарлары мен төлдерін ажыра біледі. олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін атайды. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №2				
Таңғы ас	Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Тыныс алу жаттығуы «Әдемі гүл»	Саусақ ойыны «Сөздер»	Тыныс алу жаттығуы «Жапыраққа үрле»	Саусақ ойыны «Қоян»	Тыныс алу жаттығуы «Футбол»
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Міндеті: Екі аяқтап орнында және 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру Саппен шеңбер бойымен жүру ЖДЖ-лары (доптар) Қ/О «Доп» Шарты: Доптың қалай секіретінін көрсету, доп секілді секіруге шақыру. Тыныс алу жаттығуы «Футбол» Қ/О «Шегірткелер» (эстафета) Денгейлеріне сай аралас топтарға бөлу (екі аяқпен алға секіру)Топтар мәреге шейін екі аяқтап секіріп	Музыка Міндеті: Музыканың сипатын жеткізе білуге және музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету. (ақырын, қатты,баяу,жылдам) Ертегі кейіпкерлерін рөлдерле ойнайды және серігімен әңгімелесу кезінде түрлі дауыс күшін қолданады. Ойын: «Достық». Музыка жетекшісі балаларды шаттық шеңберіне шақырады. Әркім өзінің досы және оның ерекшелігі туралы айтуын ұсынады «Дос іздеген бота» ертегісін	Дене шынықтыру Міндеті: : сызықтардың, гимнастикалық скамейканың бойымен жүру Сапта аяқтың түрлі қалпымен жүру ЖДЖ (шарлармен) Қ/О«Кім жылдам?» Таңдаған шарлар түсіне сай топтарға бөлініп , топтар түзу сызық үстімен жүріп жарысады. Тыныс алу жаттығуы «Әдемі гүл» Қ/О «Батырмыз» Балалар гимнастикалық орындық үстінде жүреді	Қазақ тілі Міндеті: Қазақ тіліне тән дыбыстарды жеке және сөз расында анық айтуға үйрету.1. Д/О: «Қай дыбыстан басталады» Суреттегі заттың қай дыбыстан басталғанын табады. Дыбыстық жаттығулар. «Ұстап ал» ойыны Шарты:педагог сөздер айтады, балалар «Қ,к» дыбысын естігенде қол шапалақтауы қажет Музыка Міндеті: Музыканың сипатын жеткізе білуге	Дене шынықтыру Міндеті: Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Шуағын шашады, Күн шықса жиектен. Жылу алып нұрынан , Денсаулықты күшейткем. Өлең мазмұнына сай қимылдар орындау. «Жай және жылдам» ойыны Балалар жәй және жылдам әуенге сай жаттығулар

<p>барып қайтудан жарысады.</p>	<p>музыкалық театр арқылы сахналау Музыкалық – ырғақты қимыл ойыны: «Жұптасу» Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Барлығы көңілді әуенге би билейді. Әуен тоқтаған сәтте жұптасып тұра қалулары қажет.</p>		<p>және музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлдерде ойнайды және серігімен әңгімелесу кезінде түрлі дауыс күшін қолданады. Ойын: «Достық». «Дос іздеген бота» ертегісін музыкалық театр арқылы сахналау Музыкалық – ырғақты қимыл ойыны: «Жұптасу»</p>	<p>орындайды. Қ/О «Кім жылдам?» Шарты: балалар таңдаған шарлар түстеріне сай топтарға бөліну, орындықтар арасымен жүгіріп шарлар жинау. Қ/О «Күн мен жаңбыр» Шарты: көңілді әуенде балалар алаңда сәруендеп жүреді, жаңбыр дыбысы шықса қолшатыр астына жиналады.</p>
<p>Д/о: «Не үшін керек?» Шарты: суреттердегі ыдыстардың не үшін керек екенін бір-біріне айтады. (Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) «Әдемі күрешке» ойыны Балаларды таңдауы бойынша қағаздан күрешке құрастыруға не дайын суретті әшекейлеуге бөлу (құрастыру, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Д/о: «Ыдыстар аялдамасы» Шарты: ыдыстар тобын салыстыру. (математика негіздері) «Сұр қоян жуынады» ойыны Шарты: Қоян өлең жолдарына сай қимылдар жасайды, бізді қушы дегенде, балаларды қуады. (Дене шынықтыру)</p>	<p>«Әже» өлеңі (Р.Наурызбаева) Қимылдарын салу арқылы өлең жолдарын жаттайды (көркем әдебиет) «Әжемнің орамалы» ойыны Шарты: балалар таңдау арқылы текше пішінді қағазды түрлі түсті бояулармен, қағаздармен, ермексазбен әшекейлейді (жапсыру, сурет салу, мүсіндеу) «Неге ұқсайды?» ойыны Шарты: берілген суреттердің қандай пішінге ұқсайтынын табу (математика негіздері) «Әже» әнін тыңдау (Б.Бейсенова) Қ/О «Алыптар мен құртақандар» Шарты: педагог белгісі бойынша шеңбер бойымен жүгіріп, жүгіруді отырып жүрумен алмастыру (Д/Ш)</p>	<p>«Әдемі гүлдер» ойыны Шарты: балаларды таңдауы бойынша гүлдер суретін салуға, мүсіндеуге, құрастыруға және жапсыруға бөлу (жапсыру, сурет салу, мүсіндеу, құрастыру) Д/О «Таныс пішіндер доминосы» Шарты: жүргізуші және балаларда пішіндер суреті бар, жүргізуші көрсеткен пішінге сай пішінді балалар көрсету және атау керек Ұлттық ойын «Орамал тастамақ» Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала менің артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол</p>	<p>Д/о «Қандай пішінге ұқсайды?» Шарты: Суреттегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын табады. (математика негіздері) Д/о: «Әдемі доптар» Шарты: Бастыру әдісі арқылы доп салады. Ермексазды домалату арқылы мүсіндеу. Дайын доп суретін ақ параққа жабыстыру, бояу. (Сурет салу, мүсіндеу жапсыру) Д/О «Досына дейін жеткіз» Шарты: Доппен досына дейін лақтырып жеткізіп ойнайды (дене шынықтыру)</p>	<p>«Қошақанның жылы тоны» ойыны дайын қошақан суретін қылқаламмен бояп, ермексазбен не шиыршықталған қағаз жапсырып толықтырады. (құрастыру, сурет салу, мүсіндеу) «Не көп, не аз?» ойыны Шарты: заттар тобын салыстыру. (үй жануарлары мүсіндері) (математика негіздері) «Үлкендер мен кішілер» аз қимылды ойыны Шарты: балалар үй жануарлары мен төлдері бетперделерін киеді, әуенмен ортада жүреді, әуен тоқтағанда төлдері мен ежелері бірге тұруы керек (Д/Ш)</p>

			өнер көрсетеді (Д/Ш)		
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киімді шкафаға ретімен жинау. Серуенге ойын құралдарын дайындау.				
Серуен	Серуен картотекасы №13	Серуен картотекасы №14	Серуен картотекасы №15	Серуен картотекасы №16	Серуен картотекасы №17
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.				
Күндізгі ұйқы	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру (Көркем әдебиет)	Баяу музыка тыңдайды (Музыка)	«Жеті лак» ертегісін оқып беру (Көркем әдебиет)	«Бесік жырын» тыңдайды (Музыка)	«Үйшік» ертегісін оқып беру (Көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүреді.	Ұйқы ашар гимнастикасы «Созылу»	Гимнастикалық жолдан жүру. Таяқтарды жылжытып, массаж жасау.	Тыныс алу жаттығуы. «Сәбізді иіскеу»	Ояту. Көзіміз ашылды, Ұйқымыз басылды. Дем алдық ұйықтадық, Шаттанып ойнайық.
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ас уақытында балаларға тамақты тауысып жеуге нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Түлкі, түлкі, түлкішек» өлеңі Қимыл қозғалыс арқылы өлең жолдарын жаттау (көркем әдебиет) «Аңдар» дыбыстық жаттығуы (қазақ тілі)	«Менің отбасым» тақырыбына әңгімелесу (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) «Кішкентай тышқандар» Қалдық материалдан құрастыру (құрастыру)	«Кактус гүлі» ертегісі Ертегіні әңгімелеу, мазмұны бойынша сұрақтар қою (көркем әдебиет) «Бөлме гүлдері не үшін қажет?» тақырыбына әңгімелесу (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Д/О «Ертегілер елінде» «Бауырсақ» ертегісін үстел үсті театрында сахналау (көркем әдебиет) «Аңдар» дыбыстық жаттығуы (қазақ тілі) «Шебер қолдар» ойыны Табиғи материалдан кірпі құрастыру(құрастыру)	Д/О «Ертегілер елінде» «Төлдер айтысы» ертегісін әңгімелеу, ертегі мазмұны бойынша сұрақ жауап. «Қошақанды тамақтандырамыз» ойыны Қошақанға арнап жасыл шөп жапсыру(жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Нұрасылға үнді дыбысты (Р) дұрыс дыбыстауды үйрету	Қызғалдақпен қ дыбысын дұрыс дыбыстауды қайталау	Саматпен жеке жұмыс : сурет бойынша сұрақтарға жауап бер	Нұрқасыммен жеке жұмыс: пішіндерді дұрыс атауға үйрету	Әлішермен жеке жұмыс : қ дыбысына дыбыстық жаттығулар
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды , киіміндегі олқылықтарды жөндеуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауға қалыптастыру.				
Серуен	Серуен картотекасы №13	Серуен картотекасы №14	Серуен картотекасы №15	Серуен картотекасы №16	Серуен картотекасы №17
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың денсаулығын сақтау бойынша ата-аналарға кеңес беру	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін түсіндіру	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.	Баланы тәрбиелеу мен дамытуда ата-ана сұрақтарына жауап беру, кеңес беру	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу.